

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2025 жылдың «09» қазандағы
№22 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Мазмұны

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ	5
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	5
4.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	5
5.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	6
6.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	9
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ.....	12
8.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТІ	13
9.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР	16
10.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	17
11.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ	20
12.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ	21
13.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ	22
14.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	22
15.	ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	23
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	23
17.	ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР	23

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Сақтандыру ережесі») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңына 2003 жылғы 01-шілдедегі №446-ІІ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Заң») сәйкес әзірленді.

1.2. «Виктория» СК» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы») осы Сақтандыру ережесінің негізінде көлік құралдары иелерімен (бұдан әрі – «Сақтанушы») міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі – «шарт») жасау арқылы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі – «көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру») шарасын жүзеге асырады.

1.3. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты – көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келген үшінші тұлғалардың мүліктік мүддесін сақтандыру төлемін төлеу арқылы қорғауды қамтамасыз ету.

1.4. келесідей көлік құралдары иелерінің азаматтық-қықықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырылуы тиіс:

1) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға тіркелген (тіркелуі тиіс) жеңіл автомобильдер, жүк көліктері, автобустар, микроавтобустар және солардың базасында жасалған көлік құралдары, мотокөліктер және солардың тіркемелері (жартылай тіркемелері), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (кіргізілген) автокөліктер;

3) осы Сақтандыру ережесінің 1.4. тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген, көлікті шығарған ұйымнан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кеден бақылауы органдарынан тіркеу орнына дейін көлік иелерінің өздері мініп жеткізетін, сондай-ақ көлік иесінің тұратын жерінің ауысуына немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органы бөлімшелері есептен шығарған көлік құралдары.

1.5. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі олар пайдаланып жатқан әр көлік құралы бойынша сақтандырылуы тиіс. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасау көлік құралының иесін Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау міндетінен босатпайды.

1.6. Көлік құралын өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттеріне байланысты, оның ішінде көлік құралы иесімен еңбек немесе басқа шарт жасаудың негізінде жүргізіп жатқан адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, немесе көлік құралы иесінің еркімен, мәмілені жазбаша түрде рәсімдеусіз, көлік құралы иесі қасында болған кезде жүргізуі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруға жатпайды.

1.7. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қозғалыста жүріп жатқан деп саналатын жағдайларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде көлік құралдары мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) тұлғалармен Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмайды.

1.8. Бұл Сақтандыру ережесінің келесідей түсініктер қолданылады:

1) **Көлік құралының иесі** – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

2) **Пайда алушы** – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

3) **Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – жеке және заңды тұлғалардың жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне,

денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;

4) **"Бонус-малус" жүйесі** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде осы жүйе бойынша тиісті сыныпты бере отырып, сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай оған арттыратын немесе төмендететін коэффициенттерді қолдану арқылы пайдаланылатын жеңілдіктер мен үстемеақылар жүйесі;

5) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

6) **Кешенді шарт** – сақтандыру полисінде көрсетілген екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын және бір ғана сақтандырылушы жеке тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

7) **Жолаушы** – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

8) **Жәбірленуші** – көлік құралын пайдалану салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген адам;

9) **Тікелей реттеу** – көлік оқиғасында жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды жәбірленушімен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы осы Заңда көзделген жауапкершілік көлемі шегінде өтеуді жүзеге асыратын сақтандыру жағдайын реттеу тетігі.

10) **Стандартты шарт** – сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғамен жасалатын және бір немесе бірнеше сақтандырылушы тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

11) **Сақтанушы** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады;

12) **Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

13) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

14) **Сақтандыру төлемі** – сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

15) **Сақтандыру жағдайы** – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

16) **Сақтандыру омбудсманы** – "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

17) **Сақтандырушы** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

17-1) **Таргеттелетін залалдылық** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша залалдылықтың мақсаттық көрсеткішін сипаттайтын, түзету коэффициенттерді есептеу үшін пайдаланылатын коэффициент;

18) **Көлік оқиғасы** – көлік құралын пайдалану процесінде және оның қатысуынан туындаған оқиға (оның ішінде жол-көлік оқиғасы), сондай-ақ көлік құралынан ажырап кеткен бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;

19) **Уәкілетті орган** - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау органы;

19-1) **Көлік оқиғасын оңайлатып рәсімдеу** – көлік оқиғасы туралы құжаттарды Заңмен белгіленген тәртіпте және шарттармен, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қатысуынсыз рәсімдеу;

19-2) **Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі** – көлік оқиғасын Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте және шарттармен оңайлатып рәсімдеген кезде сақтандыру жағдайын реттеу;

19-3) **Шынайылық факторы** – сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорын пайдаланатын деректеріне сенім дәрежесін сипаттайтын, түзету коэффициенттерін есептеу үшін қажет коэффициент;

20) **Көлік құралын пайдалану** – көлік құралдарын жолмен жүру, сондай-ақ жайластырылып немесе ыңғайластырылып оларға іргелес салынған және көлік құралдарының қозғалысына пайдаланылатын аумақтарда жүру үшін пайдалану;

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

2.1. Сақтандырылушы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған көлік құралын пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Заңға сәйкес белгіленеді.

Бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) мынаны құрайды:

1) әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

а) қаза табуға – 2000;

б) мүгедектіктің:

- бірінші тобы белгіленсе – 1600,

- екінші тобы белгіленсе – 1200,

- үшінші тобы белгіленсе – 500;

- мүгедектігі бар балаға -1000;

в) мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға;

2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес;

3) бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтандыру төлемі әрбір жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады.

4.2. Қаза болуына немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі осы баптың 4.1-тармағында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерінде жүзеге асырылады.

4.3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес белгіленген сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

4.4. Сақтанушының (сақтандырылушының) залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да сақтандырушының өтеуіне жатады.

4.5. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.

4.6. Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы тікелей шеккен тұлғаға өтейді.

4.7. Келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жетпеген кезде сақтанушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

4.8. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда сақтандырушы жәбірленушіні жерлеген адамға 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу шығыстарын өтейді.

5. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру шартын жасасқан кезде төленуге тиіс жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйлықақысы пайдаланылады, оған көлік құралының тіркелген жеріне, көлік құралының түріне, сақтанушының (сақтандырылушының) жасына және жүргізу стажына, көлік құралының пайдаланылу мерзіміне, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған адамдардың кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай ("бонус-малус" жүйесі) осы Сақтандыру ережесінің 5.4-5.11. тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады

5.2. Осы Сақтандыру ережесінде көзделмеген өзге негіздер бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.

5.3. Базалық сақтандыру сыйлықақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

5.4. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Р.№	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент мөлшері (астана, республикалық және облыстық маңызы)
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Түркістан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Қостанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Маңғыстау облысы	1,15
15.	Алматы	2,96
16.	Астана	2,2
17.	Шымкент	1,01

5.4-1. 5.4-тармақта көрсетілген көлік құралдары тіркелген аумақ бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін қосымша түзету коэффициенттері қолданылады.

Түзету коэффициенттерінің есептемесін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актінде белгіленген тәртіпте көлік құралы тіркелген аймақ бойынша залалдылық көрсеткіштерін, таргеттелетін залалдылықты және шынайылық факторын есепке ала отырып, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым жасайды.

Таргеттелетін залалдылықты, сенімділік факторын және түзету коэффициенттерін уәкілетті орган бекітеді және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзімдерде уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

Таргеттелетін залалдылықтың мәні 60 (алпыс) пайыздан 80 (сексен) пайызға дейінгі диапазонда болуы тиіс.

5.4-2. Сақтандырушы түзету коэффициенттерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте, 5.4-1-тармақшаның екінші абзацына сәйкес есептелген мәндердің 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерге арттыруға немесе кемітуге құқылы.

5.5. Осы Сақтандыру ережесінің 5.4-тармағында көрсетілген облыстардағы өзге де қалалар мен елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін 0,8 мөлшеріндегі түзету коэффициенті қосымша пайдаланылады

5.6. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшеріндегі коэффициент қолданылады.

Осы Сақтандыру ережесінің 1.4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды

5.7. Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері
1.	Жеңіл автомобильдер	"В" - толық массасы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыратын орнынан басқа отыратын орындарының саны 8-ден аспайтын автомобильдер	2,09
2.	Жолаушылар орны қоса алғанда 16-ға дейінгі автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,26
3.	Жолаушылар орны 16-дан артық автобустар	"Д" - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,45
4.	Жүк автомобильдері	"С" - толық массасы 3500 кг асатын жүк автомобильдері	3,98
5.	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мотокөлік	"А" - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	"Е" - көлік құралдарының "В", "С" немесе "Д" санаттарына жататын сүйреуіштері бар көлік құралдарының құрамдары	1,00

5.8. Жеке тұлғалар үшін жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Жасы және жүргізу стажы	Жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері
1.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,10
2.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,05
3.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,05
4.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,00

5.9. Заңды тұлғалар үшін осы Сақтандыру ережесінің 5.8-тармағында көзделген коэффициент 1,2 мөлшерінде белгіленеді.

5.10. Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

Рет №	Көлік құралының пайдаланылу мерзімі	Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициент мөлшері
1.	7 жылға дейін, қоса алғанда	1,00
2.	7 жылдан жоғары	1,10

5.11. "Бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады:

Сақтандыру мерзімінң басындағы сынып	Коэффициент мөлшері	Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсі бойынша сақтандыру жағдайының болуын есепке ала отырып, сақтандыру мерзімінің аяғындағы сынып				
		0 сақтандыру жағдайы	1 сақтандыру жағдайы	2 сақтандыру жағдайы	3 сақтандыру жағдайы	4 және одан көп сақтандыру жағдайы
М-сынып	2,45	0	М	М	М	М
0-сынып	2,30	1	М	М	М	М
1-сынып	1,55	2	М	М	М	М
2-сынып	1,40	3	1	М	М	М
3-сынып	1,00	4	1	М	М	М
4-сынып	0,95	5	2	1	М	М
5-сынып	0,90	6	3	1	М	М
6-сынып	0,85	7	4	2	М	М
7-сынып	0,80	8	4	2	М	М
8-сынып	0,75	9	5	2	М	М
9-сынып	0,70	10	5	2	1	М
10-сынып	0,65	11	6	3	1	М
11-сынып	0,60	12	6	3	1	М
12-сынып	0,55	13	6	3	1	М
13-сынып	0,50	13	7	3	1	М

5.12. Сақтанушыға (сақтандырылушыға) тағайындалған «бонус-малус» жүйесі бойынша сынып есептемесі жыл сайын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен көзделген тәртіпте жасалады.

5.13. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалған кезде, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$CC = ЖСС * № / №$, мұнда:

СС - он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

ЖСС – жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

n- көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу мерзімі (күнмен);

N-365 күн (кібісе жылы 366 күн);

5.14. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$CC = ЖСС * K$, мұнда:

СС – Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

K – осы Сақтандыру ережесінің 5.15-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

5.15. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу кезеңіне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

Р/с №	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін	Коэффициент
-------	---	-------------

	міндетті сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	
1	15 күнге дейін (қоса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4
4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан да көп	1

5.16. Кешенді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең болып белгіленеді.

5.17. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр сақтандырылушы бойынша есептеледі және әр сақтандырылушы бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең мөлшерде сақтанушының төлеуіне жатады:

1) Көлік құралдарының иелері – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде осы Сақтандыру ережесінің 5-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының елу пайызы мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларын төлейді.

2) Егер көлік құралын осы Сақтандыру ережесінің осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру мұндай жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

5.18. Егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен төлейді.

5.19. Сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеуді көздеуге құқылы. Бұл ретте сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемей сақтандырушы үшін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

6.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заңға және осы Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалтылуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізудің немесе жұмыстарды жүргізудің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді есептемегенде, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

6.3. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

6.4. Сақтанушының қалауы бойынша көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы

арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

6.5. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

6.6. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтанушының өтініші негіз болады. Өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың мазмұны мен көшірмелерінің тізіміне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

6.7. Сақтандыру шарттары мынадай түрлерге бөлінеді::

- 1) стандартты;
- 2) кешенді.

6.8. Стандартты сақтандыру шарты – көлік құралдарының бір немесе бірнеше иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

- 1) Стандартты сақтандыру шарты әр пайдаланатын көлік құралына жасалады.
- 2) Сақтандыру полисінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) және пайдаланылатын көлік құралы туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.
- 3) Стандартты сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғаларға не Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзі, не болмаса келесідей жағдайларда:
 - а) көлік құралын жүргізуге құқығы бар адамның Сақтанушының (Сақтандырылушының) қасында көлік құралын жүргізуі;
 - б) көлік құралын адамның еңбек шартының немесе Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) жазбаша түрде рәсімделген басқа шарттың негізінде жүргізуі;
 - в) көлік құралын заңға қайшы иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

6.9. Кешенді сақтандыру шарты – екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

- 1) Кешенді шарт барлық пайдаланылатын көлік құралдарына жасалады.
- 2) Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылушы) - жеке тұлға және ол пайдаланатын көлік құралдары туралы мәліметтер болуға тиіс.
- 3) Кешенді шарт бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:
 - а) көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылушының) қатысуымен жүргізген;
 - б) көлік құралын заңға қайшы иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

6.10. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Заңда, осы Сақтандыру ережесінде және сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді

6.11. Сақтандыру полисінде қамтылуы тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (егер болса), экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент – өзі резиденті болып табылатын ел көрсетілсін), мекенжайы, және телефоны (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Сақтанушының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (егер болса), экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент – өзі резиденті болып табылатын ел көрсетілсін), мекенжайы, телефоны, экономикалық қызмет түрі, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
- 4) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);
- 5) сақтандыру түрі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган берген сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы мемлекеттік лицензияны берген күн, оның сериясы және нөмірі туралы мәліметтер;

- 6) сақтандыру объектіні көрсету;
 - 7) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 8) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі;
 - 9) сақтандыру сыйлықақысының (егер төлем бөліп төленетін болса, сақтандыру жарнасының) мөлшері, валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімі;
 - 10) сақтандыру полисінің қолданыс аумағын көрсету;
 - 11) сақтандыру полисінің қолданыс мерзімі;
 - 12) Сақтандырылушы (пайда алушы) туралы көрсету, егер ол сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса;
 - 13) пайда алушы туралы көрсету;
 - 14) сақтандыру шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері;
 - 15) ерекше шарттар (егер олар сақтандыру шарттарына енгізілген болса);
 - 16) сақтандырушының қолтаңбасы (сақтандыру полисін сақтандырушының бланкінде қағаз түрінде рәсімдеген болса,);
 - 17) сақтандыру полисінің нөмірі мен сериясы;
 - 18) сақтандыру шартының ережелеріне өзгертулер енгізу жағдайы мен тәртібі;
 - 19) сақтандыру полисін берген күн;
 - 20) Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері;
 - 21) сақтандыру шартының түрін көрсету;
 - 22) комиссиялық сыйақының бар/жоқ екені туралы мәліметтер;
 - 23) филиалдың атауы, орналасқан жері, телефоны және филиал басшысының тегі, аты, әкесінің аты, сақтандыру агентінің ЖСН – егер сақтандыру полисін филиал немесе сақтандыру агенті берген болса;
 - 24) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да мәліметтер.
- 6.12.** Егер сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің жағдайын осы Сақтандыру ережесінде көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) және жәбірленушінің алдында осы Сақтандыру ережесінде белгіленген талаптар бойынша міндеттемелер атқарады.
- 6.13.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін пайдаланылады.
- 6.14.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде Сақтанушыдан (сақтандырылушыдан, пайда алушыдан) мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.
- 6.15.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын Сақтандырушының интернет-ресурсына сілтеме дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 6.16.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы арасында, Сақтандырушы мен Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 6.17.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде Сақтандырушы:
- 1) Сақтанушыға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;
 - 2) Сақтанушының (сақтандырылушының) жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
 - 3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтауды;
 - 4) сақтанушыға (сақтандырылушы, пайда алушыға):
 - a) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау;

- б) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- в) сақтандыру жағдайының (көлік оқиғасының) басталғаны туралы хабардар ету;
- г) келтірілген зиян мөлшерін айқындау;
- д) сақтандыру төлемін алу;
- е) Заңның 29-1 бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6.18. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

6.19. Егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарын алмасу арқылы жасасу кезінде сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (Сақтанушы – заңды тұлға сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.

6.20. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстарын алмасу арқылы жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережеде, Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.

6.21. Сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

6.22. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын өзінің интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеуге мүмкіндік береді.

6.23. Сақтандыру агенттерінің көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

6.24. Сақтандырушы сақтандырушының интернет ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіінде белгіленген тәртіпте, Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлауды қамтамасыз етеді.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Сақтандыру шарты осы Сақтандыру ережесіне сәйкес жәбірленуші деп танылған, оның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылған Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралында болған барлық адамдарға қатысты қолданылады, оған мыналар:

1) осы көлік құралын Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруға орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не Сақтанушының (Сақтандырылушының) ерік білдіруі негізінде, мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, оның қатысуымен жүргізген адам;

2) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) тасымалдаушы болып табылса, оған Қазақстан Республикасы заң актісінің тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды регламенттейтін талабы қолданылса, жолаушылар;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеті жүктелсе, сақтанушының (сақтандырылушының) қызметкерлері кірмейді.

7.2. Сақтандыру шарты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

7.3. Сақтандыру шарты күшіне енген күнінен бастап он екі ай мерзімге жасасылады.

7.4. Сақтандыру шарты жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы пайда болған кезде, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық

бөлімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалуға тиіс

7.5. Сақтандыру шартын осы Сақтандыру ережесінің 7.3-тармағында көзделгеннен өзгеше мерзімге

- 1) көлік құралын маусымдық, бірақ кемінде алты ай пайдаланған кезде;
- 2) осы Сақтандыру ережесінің 1.4. тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, көлік құралының мемлекеттік тіркелуінің алдындағы мерзімге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге;
- 3) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда уақытша кірген бүкіл кезеңге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге жасасуға жол беріледі.

7.6. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТІ

8.1 Сақтандырушы:

- 1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес осындай шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтер ұсынуды талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу (көлік оқиғасының жасалу) фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтауға;
- 4) осы Сақтандыру ережесінің 11-бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға, кері талап қоюға;
- 5) осы Сақтандыру ережесінің 10.4-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеуден осы Сақтандыру ережесінің 12-бабында көзделген тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы;
- 6) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан және сол сақтандырушымен жаңа көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген есептемеге сәйкес сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалуға құқылы;
- 7) жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірген факті болмаған кезде ішкі істер органдары берген оқиға сұлбасын сызу арқылы жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттаманың негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 8) Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.2 Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті Сосы ақтандыру шартынан және Сақтанушының талабымен туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 3) осы Сақтандыру ережесінің 5.18-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөнінде жеңілдік жасауға;
- 4) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде жасалған көлік оқиғасы туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы көлік оқиғасы бойынша мәліметтерді дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 5) жәбірленушінің немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде, сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуы туралы мәліметтерді (Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын

куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) жазбаша ұсынуға;

6) осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен, Сақтанушының (Сақтандырылушының) не жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініші бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне есептеу жүргізуге және зиянның мөлшері туралы есепті пайда алушыға танысу үшін ұсынуға;

7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

8) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде жасауға;

9) осы Сақтандыру ережесінің 10.4-бабында көзделген тәртіппен келтірілген зиянды өтеу туралы талаппен жазбаша нысанда өтініш жасалған кезде, осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде келтірілген зиянның өтемін жүргізуге;

10) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;

11) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

12) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаған дауды қарауға өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

13) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманьна жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманьна қайта жіберуге;

14) Заңда көзделген ақпаратты алған кезде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайын реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;

15) Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

8.3 Сақтанушы (сақтандырылушы):

1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша міндетті сақтандырудың талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) міндетіне дерекқорға сақтандыру шарты бойынша мәліметтерді кіргізу жататын дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан дерекқорда Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы ақпаратты сұратуға. Мұндай құқық Сақтандырылушыға да қолданылады;

3) сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиянның және Сақтандырушы, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырған сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау нәтижелерімен танысуға;

4) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

5) Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманьна немесе сотқа жүгінуге;

6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманьна (тікелей сақтандыру омбудсманьна, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы і, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

7) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген жағдайларда алуға құқылы;

8) Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында Сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

8.4 Сақтанушы (Сақтандырылушы):

- 1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға өзі, сақтандыру полисіне енгізілетін әрбір сақтандырылушы, көлік құралы (құралдары), қосарланған сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға берілген құқық туралы мәліметтерді және өтінішке енгізу үшін қажетті өзге де мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін осы Заңда көзделген тәртіппен ұсынуға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 3) көлік оқиғасының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушыны жазбаша нысанда (қолма-қол не электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы) хабардар етуге міндетті. Сақтанушы мен сақтандырылушы сол бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, онда сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар беру жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;
- 4) көлік оқиғасын жасаған кезде жәбірленушілерге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлеріне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушының атауын хабарлауға;
- 5) көлік оқиғасы болған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларға ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды, оның ішінде зардап шеккен адамдардың мүлкін құтқару және оларға көмек көрсету шараларын қолдануға;
- 6) көлік оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;
- 7) көлік оқиғасы жасалған кезде кідіріссіз, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған кезден бастап екі сағаттан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге;
- 8) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті;
- 9) егер мүліктік сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде орын алған өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал етуі мүмкін болса, шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайлардағы едәуір өзгерістер өзіне белгілі болғаны туралы Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға;
- 10) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін. Сақтанушының осы Сақтандыру ережесінің 8.4-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы болған кезде көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

8.5 Жәбірленуші:

- 1) болуы салдарынан Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне зиян келтірген көлік оқиғасы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтандырушыға табыс етуге;
- 3) кез келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;
- 4) Сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиян мөлшерлерін айқындаудың және сақтандыру төлемінің нәтижелерімен танысуға;
- 5) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның Сақтандырушысына осы Сақтандыру ережесінің 8.2-тармағының 5) тармақшасында көзделген тәртіппен осы тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар екендігі туралы мәліметтерді (Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) растау туралы жазбаша өтініш жасауға;

6) сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар не жоқ екендігі туралы мәліметтерді (Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) ұсыну туралы жазбаша өтініш жасауға;

7) осы Сақтандыру ережесінің 10.4-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ келтірілген зиянды өтетуге;

8) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

9) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

10) көлік құралының иесіне келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде өтеуі туралы талап қоюға құқылы.

8.5.1. Осы Сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларда жәбірленушінің осы Сақтандыру ережесінің 8.5-тармағында белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде әрекет жасаушы өзге тұлғаларға өтеді.

8.6 Өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда көлік оқиғасы басталған кездегі тұлғалардың іс-әрекеттері.

8.6.1. Көлік оқиғасы жасалған кезде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда, оның қатысушылары мүмкіндік болған кезде орын алған көлік оқиғасы туралы сақтандырушыларды хабардар етуге тиіс.

8.6.2. Сақтандырушылар өз өкілдерін көлік оқиғасы болған орынға жіберуге құқылы.

8.6.3. Көлік оқиғасына қатысушылар болған мән-жайды бағалауға және болжамды мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне өзара келісе отырып, оқиғаның схемасын өз бетінше жасауға және оған қол қойып, оны ресімдеу үшін жақын постқа немесе ішкі істер органдарының бөлімшелеріне баруға құқылы.

8.6.4. Көлік оқиғасының схемасын жасау тәртібі мен үлгі нысандары уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

9.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға, пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерді (қажет болған кезде), сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру төлемін қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аудару арқылы алу тәртібін көрсете отырып, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды. Өтініш беруші Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтандырушы қол жеткізе алатын, мемлекеттік органдардың дерекқорларында және/немесе ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

9.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы Сақтандырушыға келесідей құжаттарды береді:

1) Сақтандыру төлемін төлеу туралы өтініш;

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

3) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің еңбекке уақытша қабілетсіздігінің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

4) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі немесе хабарлама;

- 5) Пайда алушының зиянды өтеттіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі);
- 6) осы Сақтандыру ережесінің 10.1.2. тармақшасында көзделген жағдайда, зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш;
- 7) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 8) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде.
- 9.3.** Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден қосымша құжаттарды және (немесе) ақпараттық жүйелер мен сервистер арқылы қолжетімді құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.
- 9.4.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтаманы екі данада жасауға міндетті.
- 9.5.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішін электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.
- Өтініш беруші сақтандырушыға өзі келіп өтініш жасаған кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгі қойылған екінші данасы сақтандырушыда қалады.
- 9.6.** Сақтандырушы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандыру төлемін ішкі істер органдары берген оқиғаның схемасы бар жол жүрісі ережелерінің бұзылғаны туралы хаттама негізінде жүзеге асыруға құқылы.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

10.1.1. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде осы Сақтандыру ережесіне сәйкес айқындалады.

10.1.2. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды Сақтандырушы не ол тартқан бағалаушы қызмет көрсету туралы шарттың негізінде лицензиялық мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды қолдана отырып жүзеге асырады.

Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандырушы және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) келтірілген зиян мөлшерін айқындау туралы өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бүлінген мүлікті қарап-тексерудің жүргізілетін күнін, уақытын және орнын келіседі. Бұл ретте бүлінген мүлікті қарап-тексеру көрсетілген өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.

Егер бүлінген мүлікті қарап-тексеру Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) кінәсінен немесе тараптардың еркінен тыс мән-жайларға байланысты жүргізілмеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандырушыға келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтінішпен қайтадан жүгінеді.

Мүлікке келтірілген зиян мөлшерін айқындауды сақтандырушы бүлінген мүлік қарап-тексерілген және қарап-тексеру актісі жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

10.1.3. Егер Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін осы Сақтандыру ережесінің 10.1. тармағының 10.1.2. тармақшасында белгіленген мерзімде айқындамаса, онда Сақтанушы (Сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалаушының көрсетілетін қызметтерін пайдалануы және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауы мүмкін. Бағалаушының көрсетілетін қызметтері үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері шеккен шығындар, сақтандыру төлеміне қарамастан, сақтандырушының өтеуіне жатады.

10.1.4. Бағалаушы көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

10.1.5. Осы Сақтандыру ережесінің 10.1. тармағының 10.1.3. тармақшасында көзделген жағдайда, бағалаушы жүргізген, көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау нәтижесін

сақтандырушы жәбірленушіге (пайда алушыға) немесе оның өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қабылдайды.

10.1.6. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес айқындалған зиян мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

10.1.7. Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен зиян мөлшерін айқындауға байланысты меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқылы емес.

10.1.8. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

10.2. Пайда алушы

10.2.1. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы адам), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

10.2.2. Мүлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіруге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады.

10.2.3. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі тікелей оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға жүзеге асырылуы мүмкін.

10.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

10.3.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережесінің 9.2. тармағында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлейді.

10.3.2. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, Сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, Сақтандырушыға бірінші болып құжаттарын берген жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

10.3.3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады

10.3.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

10.3.5. жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірген факті болмаған кезде Сақтандырушы ішкі істер органдары берген, оқиға сұлбасын сызу арқылы жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттаманың негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға.

10.4. Тікелей реттеу

10.4.1. Көлік оқиғасы кезінде жәбірленуші немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар адам келтірілген зиянның өтемін алу үшін, кінәсінен көлік оқиғасы болған адамды көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған Сақтандырушыға жүгінуге құқылы.

10.4.2. Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінің 2), 3), 4), 5), және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиянды өтейді.

10.4.3. Тікелей реттеу шеңберінде сақтандырушы жүзеге асыратын жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу ол үшін жәбірленушімен жасасқан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелердің орындалуы болып табылмайды.

10.4.4. Кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушыға нақты төлеген сомасын өтеп береді

10.5. Сақтандыру жағдайларын электрондық нысанда реттеген кезде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтандырушы және Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

10.6. Көлік оқиғасы жасалғаны туралы хабарламаны, келген зиянның мөлшерін айқындау туралы, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеу туралы өтінішті электрондық нысанда берген кезде Сақтанушыдан (сақтандырылушыдан, пайда алушыдан) мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

10.7. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде Сақтандырушы келесілерді қамтамасыз етуге міндетті:

1) сақтандыру жағдайын реттеу процессінің негізгі кезеңдері туралы, оған реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тартудың себептерін көрсетіп) қоса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте электрондық түрде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) хабарлау;

2) Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;

3) Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етумен электрондық нысанда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты сақтау.

10.8. Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

10.9. Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі.

1) Көлік оқиғасы жасалған кезде өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келген жәбірленушілер болмаған жағдайда сол оқиғаға қатысушылар келесідей талаптарды бірдей сақтаған жағдайда, өздері келіскен шарттармен сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі туралы декларация (бұдан әрі – декларация) жазу арқылы көлік оқиғасын оңайлатып рәсімдеуге құқылы:

а) көлік оқиғасы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі аталған көлік оқиғасы жасалған сәтке дейін Заңға сәйкес сақтандырылған екі көлік құралының (тіркемесі (жартылай тіркемесі) бар көлік құралдарын қоса) өзара әрекеттесуі (соқтығысуы) нәтижесінде орны алған;

б) көлік оқиғасының нәтижесінде осы тармақтың 1-тармақшасының а) бөлігінде көрсетілген көлік құралдарына ғана зиян келген;

в) көлік оқиғасы нәтижесінде зиян келуді мән-жайлары, көлік құралының көзге көрінетін зақымданылардың сипаты мен тізімі, көлік оқиғасына қатысушылардың бірінің кінәсі көлік оқиғасына қатысушылардың арасында келіспеушіліктер туғызбайды және декларацияда тіркеледі;

г) көлік оқиғасының қатысушылары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген әрбір жекелеген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының мөлшері көлеміндегі сақтандыру төлемінің мөлшерімен келіседі;

д) көлік оқиғасы туралы құжаттар мен мәліметтерді рәсімдеуді көлік оқиғасының қатысушылар Сақтандырушының ақпараттық жүйесін және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымының ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

2) Көлік оқиғасының қатысушылары дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымынан Сақтандырушының декларацияны қабылдағаны туралы хабарлама алғанға дейін көлік оқиғасы орын алған жерден кетпеуі тиіс.

Көлік оқиғасына қатысушылар декларацияға қоса ұсынған фотоматериалдардан көлік оқиғасына қатысқан көлік құралының маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін, мемлекеттік тіркеу нөмір белгісін, сондай-ақ көлік оқиғасының нәтижесінде зиян келудің мән-жайларын, көлік құралының көзге көрінетін зақымдануының сипаты мен тізімін айқындау мүмкін болмаса, Сақтандырушы көлік оқиғасына қатысушылардан Сақтандырушының ақпараттық жүйесін және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымының ақпараттық жүйесін немесе басқа қолжетімді тәсілдерді пайдаанып, фотоматериалдарды қайта жіберуді сұратуға құқылы.

Осы тармақтың 2) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар Сақтандырушының декларацияны қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды.

3) Көлік оқиғасы қатысушыларының біреуі сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібін рәсімдеумен келіспесе, онда сақтандыру төлемі Заңның 25-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4) Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі мен шарттары, декларацияның нысаны және соған қоса ұсынылатын құжаттардың талаптары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленеді.

5) Көлік оқиғасы қатысушыларының арасында сақтандыру жағдайы бойынша келіспеушіліктер болмаған кезде, Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі Заңның 26-1 бабында белгіленген тәртіпте тікелей реттеледі, ол туралы тиісті жазба декларацияға жазылады.

6) Сақтандырушы сақтандыру жағдайының фактін және мән-жайларын анықтау және зиян мөлшерін есептеу үшін көлік оқиғасы қатысушыларының көлік құралдарын тексеріп бақылауға құқылы.

Көлік оқиғасының қатысушылары Сақтандырушының талабы бойынша тексері бақылау үшін көлік құралын ұсынуға және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға дейін немесе уәжді бас тарту туралы хат жібергенге дейін бүлінген мүлікті көлік оқиғасынан кейін қандай жағдайда болса, тура сондай жағдайда сақтауға міндетті.

Сақтандыру жағдайын оңайлатылған тәртіпте реттеген кезде Сақтандырушы көлік құралын тексері бақылау тәртібін, шарттарын, мерзімдерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіне сәйкес белгілейді.

7) Сақтандыру жағдайын оңайлатылған тәртіпте реттеген кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіне белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырады.

Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін осы тармаққа сәйкес Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу бойынша міндеттемесі лайықты түрде орындалған болып есептеледі және Сақтандыру жағдайын оңайлатылған тәртіпте реттеген кезде әр жекелеген сақтандыру жағдайы бойынша пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру сомасының шекті мөлшерінен асатын бөлігінде зиянды өтеу туралы қосымша талаптар қойға құқықсыз.

8) Сақтандырушы Заңда және (немесе) Қазақстан республикасының басқа заңдарында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

9) Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушы Заңның 28-бабына сәйкес, төленген соманың шегінде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы.

10) Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі рәсімімен және салдарымен келіспеген жағдайда Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) дауды Заңның 29-1. бабына сәйкес реттеуге құқылы.

10.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша нысанда, бас тартудың себептерін уәжді түрде негіздеп хабарлайды және Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгінуге құқығы бар екені туралы ескертеді.

10.10. Сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайында Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотқа шағымдануға болады.

11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

11.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда, егер:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мас болып жүргізуі салдарынан басталса;

3) көлік құралын жүргізуші адамның оны жүргізуге құқығы болмаса;

- 4) соттың істі талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;
- 5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;
- 6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса;
- 7) егер бұл факт зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетуге байланысты болған жағдайды қоспағанда, көлік құралын жүргізуші адам өзі қатысушысы болған көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса;
- 8) көлік құралын жүргізген және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберілген тұлға дәлелсіз себептермен мұндай куәландырудан өтпесе, кері талап қоюға құқылы.
- 11.2.** Егер осы баптың 11.1-тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянға 6.8. тармағының 3) тармақшасының а) және б) бөліктерін көрсетілген адам кінәлі болып табылса, Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқығы бар.
- 11.3.** Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарының және олардың бойындағы ғимараттардың қанағаттанғысыз күтімінен туындаған жол жағдайы себептерінен болғаны анықталса, көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі тұлғаға талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ауысады.

12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ

12.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;
- 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

- 1) Пайда алушының шығынның тиісті өтемін шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйретуге арнайы лайықталған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;
- 3) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде зиян келтіру;
- 4) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;
- 5) жәбірленушінің осы осы Ереженің 10.1.2. тармағының, 10.9. тармағының б) тармақшасының бірінші бөлігінің талаптарын бұзуы;
- 6) сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі бойынша құжаттар мен мәліметтердің Занда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі негіз болуы мүмкін.

12.3. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік улану әсерінің;
- 2) соғыс қимылдарының;
- 3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

12.4. Сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін төленбейді.

12.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер бар кезде Сақтандырушы өтінішті және осы Сақтандыру ережесінің 9.2. тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының

ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12.6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ

13.1. Сақтандыру полисіне өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

14.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі біткен;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі;

14.2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

14.3. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагері (мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

14.4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату және осы Сақтандырушымен жаңадан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушының мына формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалуға құқығы бар:

$ССБ = СС * n/N$, мұнда:

ССБ - Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

n – сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап өтініш берілген күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейінгі мерзім (күнмен);

N – көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен).

14.5. Осы Сақтандыру ережесінің 14.5-тармағында көзделген талап сақталмаған кезде сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

№	Сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім (көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзімнен пайызбен)	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1.	4-ке дейін (4-ті қоспағанда)	15
2.	4-тен 8-ге дейін (8-ді қоспағанда)	20
3.	8-ден 17-ге дейін (17-ні қоспағанда)	30
4.	17-ден 25-ке дейін (25-ті қоспағанда)	40
5.	25-тен 33-ке дейін (33-ті қоспағанда)	50
6.	33-тен 42-ге дейін (42-ні қоспағанда)	60
7.	42-ден 50-ге дейін (50-ді қоспағанда)	70
8.	50-ден 58-ге дейін (58-ді қоспағанда)	75
9.	58-ден 67-ге дейін (67-ні қоспағанда)	80
10.	67-ден 75-ке дейін (75-ті қоспағанда)	85

11.	75-тен 83-ке дейін (83-ті қоспағанда)	90
12.	83-тен 92-ге дейін (92-ні қоспағанда)	95
13.	92 және одан жоғары	100

14.6. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын бұзу туралы өтініш берген сәттен бастап есептеледі.

14.7. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өз қолданысын тоқтатпайды.

14.8. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде сақтандырушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде ол жөнінде дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға хабарлайды.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

15.1. Қазақстан Республикасының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзуға, сондай-ақ қасақана сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемін зңсыз алуға бағытталған басқа құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жасауға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы):

1) жазбаша нысанда талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не

2) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

16.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

16.3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Сақтандыру шартында айтпаған барлық жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

17.2. Сақтанушы өзінің қолтаңбасымен Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімін береді.:

1) «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) Сақтандырушының деректер алуына;

2) мемлекеттік дерекқор иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар туралы беруіне;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы (Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы қолда бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге.

4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге ;


5) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.3. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.4. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісін, оның ішінде 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісін талап етуге міндетті.

17.5. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.6. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану кезінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды сақтау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

	<p>«Виктория» СК» АҚ Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі</p>	<p>09.10.2025 жылғы редакция. 04.04.2025 жылғы редакция</p>	<p>26 беттен 1-ші бет</p>
--	---	---	---------------------------

Шарттың түрі/Вид договора:		Стандартный			
Сақтандыру сыныбы: Класс страхования:		Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру Обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств			
Сақтандырушы: Страховщик:					
Сақтанушы: Страхователь:		Экономика секторының коды/Код сектора экономики Резиденттік белгісі/Признак резидентства:			
Сақтандырылушы/Застрахованный					
Т.А.Ә./Ф.И.О.		ЖСН/ИИН	Экономика секторының коды/Код сектора экономики	Резиденттік белгісі/Признак резидентства	Орналасқан жері/Место нахождения
ЛИЦА, НА ОСНОВАНИИ ПУТЕВЫХ ЛИСТОВ И/ИЛИ ДОВЕРЕННОСТИ ВЫДАННЫХ СТРАХОВАТЕЛЕМ					
Экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін) Вид экономической деятельности (для юридических лиц)					
Пайда алушы: Выгодоприобретатель:		Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе өзге тұлға возмещившее жәбірленушіге (адамға зиянды өтетуге құқығы бар) келтірілген зиянды сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде алған және сақтандыру төлеміне құқық. Мүлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтетіруге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады./Выгодоприобретателем является потерпевший (в случае его смерти лицо, имеющее согласно законам Республики Казахстан право на возмещение вреда в связи со смертью потерпевшего), а также страхователь (застрахованный) или иное лицо, возмещившее потерпевшему (лицу, имеющему право на возмещение вреда) причиненный вред в пределах объема ответственности страховщика и получившее право на страховую выплату. При причинении вреда имуществу потерпевшим признается собственник данного имущества, а в случае его смерти — лица, имеющие право на возмещение вреда			
Көлік құралы туралы мәліметтер/Сведения о транспортном средстве					
Маркасы/моделі/ Марка/модель		Шығарылған жылы/Год выпуска	Шанақ нөмірі/ Номер кузова	Мемлекеттік нөмірі/Государственный номер	Техникалық паспорт № және берілген күні/Технический паспорт № и дата выдачи
Сақтандыру объектісі: Объект страхования:		Сақтандырылушы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады./Объектом обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств является имущественный интерес застрахованного лица, связанный с его обязанностью, установленной <u>гражданским законодательством</u> Республики Казахстан, возместить вред, причиненный жизни, здоровью и (или) имуществу третьих лиц в результате эксплуатации транспортного средства как источника повышенной опасности.			
Сақтандыру жағдайы: Страховой случай:		Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған көлік құралын пайдалану нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады./Страховым случаем признается факт наступления гражданско-правовой ответственности застрахованного по возмещению вреда, причиненного жизни, здоровью и (или) имуществу лиц, признанных потерпевшими, в результате эксплуатации застрахованным транспортным средством, указанного в договоре обязательного страхования ответственности владельцев транспортных средств.			
Бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі мынаны құрайды (айлық есептік көрсеткішпен):Прелдельный объем ответственности страховщика по одному страховому случаю (в месячных расчетных показателях):		1) әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе: қаза табуға – 2 000; мүгедектіктің: I тобы белгіленсе – 1 600; II тобы белгіленсе – 1 200; III тобы белгіленсе – 500; мүгедек балаға – 1 000; мертіпуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға; 2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес; 3) бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтандыру төлемі әрбір жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады. 1) за вред, причиненный жизни или здоровью каждого потерпевшего и повлекший: гибель - 2 000; установление инвалидности: I группы - 1 600, II группы - 1 200, III группы - 500; ребенок-инвалид - 1 000; увечье, травму или иное повреждение здоровья без установления инвалидности, - в размере фактических расходов на амбулаторное и (или) стационарное лечение, но не более 300; 2) за вред, причиненный имуществу одного потерпевшего, — в размере причиненного вреда, но не более 600; 3) за вред, причиненный одновременно имуществу двух и более потерпевших, — в размере причиненного вреда, но не более 600 каждому потерпевшему. При этом общий размер страховых выплат всем потерпевшим не может превышать 2 000. В случае превышения размера вреда над предельным объемом ответственности страховщика страховая выплата каждому потерпевшему осуществляется соразмерно степени вреда, причиненного его имуществу.			
Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі Порядок и сроки осуществления страховой выплаты		Сақтандырушы сақтандыру төлемін Заңның 25-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, сақтандырушыға бірінші болып құжаттарын берген жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтінішті және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады. Страховая выплата производится страховщиком в течение пятнадцати рабочих дней со дня получения им документов, предусмотренных статьей 25 Закона. В случае причинения вреда имуществу нескольких потерпевших страховщик обязан начать страховую выплату в течение семи рабочих дней со дня получения им документов всех потерпевших, но не позднее 15 календарных дней со дня получения документов от потерпевшего, первым представившего страховщику документы, независимо от представления документов другими застрахованными. Если в результате события, приведшего к наступлению страхового случая, у потерпевшего наступило ухудшение здоровья (установилась инвалидность либо более высокая группа инвалидности) либо смерть, то страховщик на основании поступившего от потерпевшего (выгодоприобретателя) заявления и соответствующих документов обязан произвести перерасчет суммы страховой выплаты в порядке и размере, установленных Законом. При этом при перерасчете суммы страховой выплаты принимаются в зачет ранее выплаченные суммы.			
Сақтандыру сомасы: Страховая сумма:					
Сақтандыру сыйлықақысы: Страховая премия:					
Жеңілдікті (бар болса) ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысының сомасы/сумма страховой премии с учетом льготы (при наличии)					
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері: Порядок уплаты страховой премии:		Бір жолғы /Единовременно Төлеу күні _____ дейін / Дата оплаты до: _____			
Сақтандыру мерзімі: Период страхования:		Басталуы/с аяқталуы/по			
Валюта түрі/Вид валюты:		Қазақстандық теңге/Казахстанский тенге			
Сақтандыру аумағы: Территория страхования:		Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан			
Сақтандыру төлемі бойынша жетіспейтін құжаттар туралы хабарлау мерзімдері/Сроки уведомления о недостающих документах для страховой выплаты		Сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімдел-меген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш беруіне хабарлауға/При недостаточности документов, подтверждающих факт наступления страхового случая и размер подлежащего возмещению страховщиком вреда, в течение трех рабочих дней со дня их получения сообщить об этом заявителю с указанием полного перечня недостающих и (или) неправильно оформленных документов			
Сақтанушының және сақтандырылған тұлғаның (сақтандырылған) тұлғалардың көлік жүргізу өтілі/информация о стаже вождения страхователя и застрахованного (застрахованных):					

Тараптардың деректемелері/Реквизиты сторон

Бас кеңсенің немесе филиалдың атауы /Наименование головного офиса
либо филиала: либо филиала: АО «СК «Виктория»
Мекен-жайы/адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Сейфуллина, 521
«Нұрбанк» АҚ Алматы қ. филиалындағы ЖСК KZ2984915KZ001267347
ИИК KZ2984915 KZ001267347 в филиале АО «Нұрбанк» г. Алматы
БСК/БИК NURSKZKX
БСН/БИН 940 440 000 910
8/727/ 279-55-80
Филиалдың телефон нөмірі/телефон филиала 8/.....

Қолы/подпись: _____

Сақтанушы/ Страхователь
Атауы/Наименование/Аты-жөні/Ф.И.О.:
Резидентік белгісі/Признак резидентства
Экономика секторының коды/Код сектора экономикасы:
Мекең-жайы/Адрес/ Сақтанушының тұрғылықты жері/Место жительства
страхователя:
ЖСК/ИИК:
БСК/БИК:
БСН/БИН:
Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген деректер
//Данные, указанные в удостоверении личности
страхователя физического лица:

Қолы/подпись: _____